

"Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 111 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10541 тіркелді

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушысының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4945 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2007 жылғы қыркүйек-қазан айларында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу е р е ж е с і н д е :

13-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

16-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) құқық белгілейтін құжатта көрсетілген сәйкестендіру сипаттамаларының «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйедегі мәліметтермен сәйкес келуіне».

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру бойынша шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының
Б. Имашев

" К Е Л І С І Л Д І "
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ә.Исекешев

2015 ЖЫЛҒЫ " _ " _____

" К Е Л І С І Л Д І "
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Е.Досаев

2015 ЖЫЛҒЫ 2 сәуір

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК